

**Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 15 қарашадағы N 88 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 20 желтоқсан N 1338 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 117 қаулысымен (қаулыдан үзіндіні төменнен қараңыз).

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:*

*1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 88 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1338 тіркелген, 2001 жылғы қаңтарда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының N 1 жарияланған) күші жойылды деп танылсын...*

*Ұ л т т ы қ                      Б а н к*

*Төрағасы*

-----

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 58-бабы екінші бөлігінің және "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 2000 жылғы 26 ақпандағы N 66 қаулысының 1-тармағы 2) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидалары 5-тармағының 1), 6), 7), 11), 15), 16), 19), 21) тармақшаларында аталған құжаттарды Ұлттық комиссияға ұсыну керек екендігі белгіленсін. Егер аталған Қағидалардың 5-

тармағының б) тармақшасында көрсетілген құжаттар Ұлттық комиссияға бұрын ұсынылған болса, оларды қайтадан ұсыну талап етілмейді.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің назарына жеткізсін.

Ұ л т т ы қ      к о м и с с и я с ы н ы ң      Т ө р а ғ а с ы  
Комиссияның мүшелері